



ЖМ:104

Орындаган: Суйунбек Н.

Кабылдаган: Байтурсынов К.

Тақырыбы:

Микоз қоздырғыштары.

# ЖОСПАР:

- Микоз анықтамасы
- Микоздың жіктемесі
- Микоз түрлеріне сипаттама
- Микоздардың диагностикасы

- Саңырауқұлақтар тудыратын аурулар **микоздар** деп аталады. Аурулардың атаулары кейде патологиялық үрдістің орналасуына (теріде-дерматомикоздар, өкпеде-пневмомикоздар т.б) кейде-қоздырғыштардың түрімен (мукоромикоз, аспергиллез, трихофития т.б) байланысты.

# МИКОЗ ҚОЗДЫРҒЫШТАРЫНЫҢ ЖІКТЕЛУІ:




## МИКОЗДАРДЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

- **Терең микоздар** туберкулез таяқшасы мен актиномициттер тудыратын созылмалы бактериялық инфекцияларға ұқсас. Алғашқыда әдетте өкпелерді зақымдап, жедел пневмония түрінде өтеді, кейде гематогендік жолмен бүкіл ағзаға таралады. Ауру жұқпалы емес. Антибиотиктер ашылғанға дейінгі кезеңде бұл ауру өліммен аяқталатын. Қоздырғыштары: *Coccidioides immitis*, *Histoplasma capsulatum*, *Blastomyces dermatitidis*.


**Тері астылық** микоздар көбінесе ыстық климатты елдерде кездеседі, ауыл тұрғындарына тән. Тері астылық абцесстер мен гранулемалар п.б. Кейіннен олар жұмсақ тіңдер мен сүйектердің созылмалы ойық жарасына –мицетомаға ауысады. Қоздырғышы: *Sporotrichum schenckii*.

**Эпидермомикоздар**-көбінесе жеңіл өтетін, созылмалы инфекциялар қоздырғыштары сүтқоректілердің терісінде (кейде топырақта) тіршілік етеді. ауру жануарлардан немесе адамнан қатынас арқылы жұғады.

Қоздырғыштары: *Epidermophyton floccosum*, *Microsporum canis*, *Trichophyton rubrum*.



**Кератомикоздар**-жеңіл өтетін сирек аурулар. Бұл аурулар-түрлі түсті темір текті (малассезиоз), қара темір текті клadosпироз, ақ пьедра-біздің елімізде мүлдем кездеспейді. Қоздырғыштары: *Malassezia forfur*, *Cladosporium werneskii*, *Trichosporum cutaneum*.



- **Оппортунистикалық микоздар-**  
аспергиллездар, кандидоздар, мукороздар  
және т.б. иммунды тапшылық нәтижесінде  
п.б. Қоздырғыштардың көбі қалыпты адам  
микрофлорасына жатады. Клиникалық  
көрінісі үрдістің орналасуымен  
анықталады. Аурудың нәтижесі көбінесе  
ағзаның қалпымен байланысты.  
Қоздырғыштары: *Candida albicans*,  
*Aspergillus*, *Mucor*, *Penicillium*.

# КОКЦИДИОИДОЗДЫҢ ҚОЗДЫРҒЫШЫ (COCCIDIOIDES IMMITIS)

- Кокцидиоидоз-жүйелі микоз, көбінесе тыныс жолдарының мүшелі зақымдануымен сипатталады.
- **Морфологиясы:** Диморфты саңырауқұлақтар. Табиғи және бөлмелік температура (20-22С ) жағдайында мицелиялық түрінде дамиды.
- **Дақылдық қасиеттері:** Қарапайым қоректік ортада өседі. Бөлме температурасында Сабуро ортасында ақ, сұр және қоңыр түсті әртүрлі колониялар түзеді.
- **Антигендік құрылымы:** Мицелиялық түрі 3 тәулік бойы сұйық қоректік ортада өскенде HS, F, HL экзоантигендерді түзеді.





FIGURE 12.—Microscopic appearance of old culture *C. immitis*, showing fragmented chlamydospores. This is the infective form of the fungus occurring in nature.



- **Резистенттілігі:** Саңырауқұлақтың артроспоралары қоршаған орта факторларының әсеріне төзімді. Антибиотиктер (амфотерицин В, кетоконазол, миконазол) мен кеңінен қолданылатын антисептиктер және дезинфектанттарға сезімтал.
- **Эпидемиологиясы:** Саңырауқұлақтардың экологиялық мекені- эндемиялық аймақтардың топырақтары. Саңырауқұлақ көбінесе құмды және шөлді жерлерде кездеседі. Ауру адам айналасына жұқпалы емес, таралу механизмі-аэрогенді, ауа шаң арқылы .
- **Патогенезі.** Ағзада артроспоралар тіндік пішінде-сферулаға трансформацияланады немесе айналады. Сферулалар домалақ, қалың екі қабатты жасушалық қабырғаға ие.

**Алдын алуы:** Арнайы сақтандыруы жасалмаған. Зертхана ішілік жұқтыруды алдын алу үшін барлық күдік келтіретін материалдардың бетіне стерилді физиологиялық ерітінділер құйып зерттейді.



Рис. 1. Рубромикоз стоп





**Румикоз®**  
итраконазол

**Справится с любым видом грибка...**



- Эффективный препарат системный противогрибковый препарат
- Быстро купирует симптомы и значительно снижает риск рецидива микозов
- Высокая эффективность и безопасность при лечении
- Хорошая переносимость



© 2007. Произведено ООО «Медиафарм» (Россия) в соответствии с требованиями Государственного фармакологического надзора России.

# МИКОЗДАРДЫҢ ДИАГНОСТИКАСЫ

- Микоздарға диагноз қою үшін микроскопиялық, серологиялық, биологиялық, және гистологиялық әдістер қолданылады. Патогенезіне байланысты зерттеу материалдары: ірің, қақырық, зақымдалған шаштар, тырнақ, ликвор, лимфа түйіндері мен ішкі мүшелер, қан, өт, нәжіс, тіннің биопаттары және т.б.

- Микроскопиялық әдіс бойынша нативті және боялған жағындылардың микроскопта зерттелуі. Бұл әдіс саңырауқұлақтардың құрылысын, споралардың орналасуын зерттеуге мүмкіндік береді. Жағынды көбінесе Грам, Циль Нильсон, Романовский Гимзе әдістері арқылы зерттеледі.
- Саңырауқұлақтар қоздыратын ауруларға диагноз қою үшін жалпы әдістемелер бойынша саңырауқұлақтық антигендермен серологиялық реакциялар қолданылады.

- Биологиялық зерттеулерді зертханалық үлгілерде жүргізеді(тышқан, егеуқұйрық, теңіз шошқасы, орқоян, ит, мысық ).Микоздардың биологиялық үлгісін қоздырғыштың патогендігін, таза дақылды бөліп алу және жаңа микоздарға қарсы препараттарды зерттеу үшін қолданады.
- Гистологиялық зерттеу тіндегі саңырауқұлақты, оның морфологиясын, ағзадағы тудырған патологиялық үрдістің ерекшелігін зерттеуге мүмкіншілік береді.

Назар аударғандарыңызға рахмет!!!